

**Regional Academy of Management
European Scientific Foundation Institute of Innovation
Regional Center for European Integration
National Institute of Economic Research
Ukrainian Assembly of Doctors of Sciences in Public Administration
East European Institute
University of Economics and Entrepreneurship
Taraz Innovation and Humanities University**



MATERIALS
of the III International scientific-practical conference
"INNOVATION MANAGEMENT AND TECHNOLOGY
IN THE ERA OF GLOBALIZATION"

12-14 January 2016,
(Sharjah, United Arab Emirates)

Sharjah, 2016

**UDC 005
LBC 65.290-2
1-64**

Editorial Board:

Chairman of the Board – Professor S. Midelski (Kazakhstan).

Members of the Board: D. Sc., Professor S. Baubekov (Kazakhstan), Ph. D., Associated Professor Zh. Duyshev (Kyrgyzstan), Ph.D. in Economics, Associated Professor B. Gechbaia (Georgia), D. Sc., Professor V. Kim (Kazakhstan), Ph. D. in Sociology, Professor O. Komarov (Kazakhstan), Associated Professor T. Kolossova (Kazakhstan), Associated Professor I. Makarycheva (Russia), Ph. D., Associated Professor A. Morov (Russia), Ph. D., Associated Professor V. Ossipov (Ukraine), D. Sc., Associated Professor E. Romanenko (Ukraine), D. Sc., Professor K. Toktomamatov (Kyrgyzstan), D.B.A., Professor T. Trocikowski (Poland).

1-64 "Innovation Management and Technology in the Era of Globalization": materials of the III International scientific-practical conference. – Sharjah, UAE: Regional Academy of Management, 2016. – 645 p.

ISBN 978-601-267-338-8

This is a compilation of the materials of the III international scientific-practical conference "Innovation Management and Technology in the Era of Globalization", that was held at Sharjah, United Arab Emirates 12-14 January 2016.

Submissions cover a wide range of issues, primarily the problem of improving management, sustainable economic development and introduction of innovative technologies, improved training and enhancement of the development of "human capital", interaction between the individual and society, psychological and pedagogical foundations of innovative education.

Materials addressed to all those interested in the actual problems of management, economy and ecology, social sciences and humanities.

**UDC 005
LBC 65.290-2**

ISBN 978-601-267-338-8

© Regional Academy of Management, 2016



**Аймақтық Менеджмент Академиясы
Региональная Академия Менеджмента
Regional Academy of Management**



Медаль
«ЛИДЕР КАЗАХСТАНА 2013»

**Қазақстан Көшбасшысы *
Лидер Казахстана *
Leader of Kazakhstan ***

* According to the National Business Rating
Kazakhstan: <http://nbr-kz.com/> / Согласно данным
Национального Бизнес-Рейтинга Казахстана:
<http://nbr-kz.com/>



Regional Academy of Management is a public Academy of Sciences, a self-governing community of scholars, teachers and practitioners in the management from the Republic of Kazakhstan, the European Union and the CIS countries, Turkey, India and Georgia. Holds the honorary title "Leader of Kazakhstan" among research organizations.

The purpose of the Academy is to promote social and managerial knowledge and technology, as well as the implementation of economic, sociological, socio-psychological and other fundamental and applied research on topical issues of governance.

Academy provides independent certification and assessment of the quality of training of the teaching staff, as well as leaders and practitioners of the highest qualification in the management and social sciences, with the issuance of the relevant qualification documents.

For more information visit: www.regionacadem.org
Inquiries by e-mail: inf.academ@gmail.com

Региональная Академия Менеджмента – академия наук, самоуправляемое сообщество ученых, преподавателей и специалистов-практиков в области управления из Республики Казахстан, стран Европейского Союза и СНГ, Турции, Индии, Грузии. Обладатель почетного звания «Лидер Казахстана» среди научных организаций.

Целью Академии является содействие развитию социально-управленческих знаний и технологий, а также проведение экономических, социологических, социально-психологических и иных фундаментальных и прикладных научных исследований по актуальным проблемам управления.

Академия осуществляет независимую аттестацию и оценку качества подготовки научно-педагогических кадров, а также руководителей и специалистов-практиков высшей квалификации в области менеджмента и других социальных наук с выдачей соответствующих квалификационных документов.

Подробная информация на сайте: www.regionacadem.org
Справки по электронной почте: inf.academ@gmail.com

Compilation of the materials of the international scientific-practical conference "Quality Management: Search and Solutions" (edited by S. Midelski) was awarded the Honorary Diploma and the Gold Medal of the XXVIII Moscow International Book Fair, held at the Exhibition of Economic Achievements (VDNKh, Moscow, Russia) 2-6 September 2015.

XXVIII Moscow International Book Fair - the largest international scale Book Forum in Russia, which became one of the central events of the Year of Literature in the Russian Federation.

Participants of the oldest book forum has become the country's more than 400 Russian and foreign publishing houses from 30 countries, which traditionally provided the best examples of educational, scientific, reference and encyclopedic, fiction, children's literature.



Сборник материалов международной научно-практической конференции «Менеджмент качества: поиск и решения» (под редакцией С.Л. Мидельского) был отмечен Почетным Дипломом и Золотой медалью XXVIII Московской международной книжной выставки-ярмарки, состоявшейся на Выставке Достижений Народного Хозяйства (ВДНХ, г. Москва, РФ) 2-6 сентября 2015 года.

XXVIII Московская международная книжная выставка-ярмарка - крупнейший в России книжный форум международного масштаба, который стал одним из центральных событий Года литературы в Российской Федерации.

Участниками старейшего книжного форума страны стало более 400 российских и зарубежных издательств из 30 стран, которые традиционно представили лучшие образцы учебной, научной, справочно-энциклопедической, художественной, детской литературы.

* * * * *

All collections of scientific papers, published by the Regional Academy of Management, have ISBN, Bibliographic Classification, Universal Decimal Classification (UDC) and all the necessary details. Collections are recorded in scientometric based RSCI (Russian Science Citation Index) and placed in the largest in the CIS electronic library of scientific publications eLIBRARY.RU.

Все сборники научных трудов, издаваемые Региональной Академией Менеджмента, имеют ISBN, ББК, УДК и все необходимые реквизиты, регистрируются в наукометрической базе РИНЦ (Российский индекс научного цитирования) и размещаются в крупнейшей в СНГ электронной библиотеке научных публикаций eLIBRARY.RU.

**ORGANIZERS OF THE CONFERENCE:
ОРГАНИЗАТОРЫ КОНФЕРЕНЦИИ:**



Regional Academy of Management
(Pavlodar, Kazakhstan)
www.regionacadem.org
Региональная Академия Менеджмента
(Павлодар, Казахстан)



European Scientific Foundation
Institute of Innovation (Wloclawek, Poland)

Europejska Fundacja Naukowa
Instytut Innowacji (Wloclawek, Polska)



Regional Center for European Integration
(Wloclawek, Poland)
<http://rcie.pl>
Regionalne Centrum Integracji Europejskiej
(Wloclawek, Polska)



National Institute of Economic Research
(Batumi, Georgia)
<http://nier.ge>



Ukrainian Assembly of Doctors of Sciences
in Public Administration (Kyiv, Ukraine)


Всеукраїнська Асамблея Докторів Наук
з Державного Управління (Київ, Україна)



East European Institute
(Izhevsk, Russia)
www.mveu.ru
Восточно-Европейский институт
(Ижевск, Россия)



University of Economics and Entrepreneurship
(Jalal-Abad, Kyrgyzstan)
<http://uep.kg>
Университет экономики и предпринимательства
(Жалал-Абад, Кыргызстан)



Taraz Innovation and Humanities University
(Taraz, Kazakhstan)
www.tigu.kz
Таразский инновационно-гуманитарный университет
(Тараз, Казахстан)

CONTENTS / СОДЕРЖАНИЕ

Organizers of the Conference / Организаторы конференции...	5
Contents / Содержание.....	6
Reports at the Plenary Session / Доклады пленарного заседания.....	14
01. Т. Троциковски (T. Trocikowski) Условия для осуществления инновационных идей в деятельности организации, основанной на знаниях.....	14
02. Sh.A. Alkheder, R. Sabouni, H.El Naggar, A.R. Sabouni Driver and Vehicle Type Parameters' Contribution to Traffic Safety in UAE.....	27
03. T.N. Varshanidze Some of the Moral and Ethical Aspects of Management.....	53
04. Е.А. Романенко Открытость и прозрачность - основные требования реформирования государственной службы.....	57
05. О.Е. Комаров Проблемы институционализации местного самоуправления в Казахстане.....	65
06. В.В. Музыченко Оптимизация численности персонала в условиях экономического кризиса.....	71
07. С.Л. Мидельский Четверть века казахстанской независимости и местное самоуправление.....	79
08. С.А. Омурзаков, С.К. Абдыкадыров О проблемах использования новых информационных технологий в управлении сельским хозяйством в регионах Кыргызской Республики.....	84
09. K.J. Chanidze Using Mathematical Models to Predict the Number of Population.....	91
10. А.В. Морев «Новая практическая психология»: современные технологии личностного роста.....	100
11. Zh.A. Duisheev, M. Ibrogimova Scientific Organizational Ability Historian Kushbek Usenbayev.....	103
12. Ю.Н. Лачинов Реальные истоки экономической статистики..	107

Section I / Секция I. Society and personality: current issues of philosophy, sociology, psychology, history, political science and law / Общество и личность: актуальные вопросы философии, социологии, психологии, истории, политологии и права.....	116
1.1. A. Bin Touq The UAE Federal Government's E-Participation Roadmap: Developments in UAE Empowerment Initiatives with VGI/PGIS and Location Based Services (LBS).....	116
1.2. Д.М. Рыманов, Г.Н. Табулдинова Справедливость в принятии управленческих решений: место теории в научном поле.....	134
1.3. К.М. Утепкалиева, Е.Е. Бектемиров Системный подход к формированию персонала предприятия.....	142
1.4. Н.Д. Сагадиев Роль философии в развитии научно-светского мировоззрения у студентов технико-технологических вузов.....	149
1.5. А.Р. Мандыкаева, Н.Р. Нашанова Коучинг шешімге бағытталған әдіс ретінде.....	157
1.6. А.Т. Амирсеилова, Н.М. Федченко Современная семья и проблемы воспитания.....	164
1.7. Н.Ж. Айтенов Эффективность деятельности Шанхайской организации сотрудничества в борьбе с международным терроризмом.....	170
1.8. З.А. Курманалиева Миграция населения Жамбылской области Республики Казахстан.....	177
1.9. А. Рамазанов, Т. Азатбек Принципы прав интеллектуальной собственности.....	183
1.10. Р.М. Жолумбаева, Ж.Р. Абузьярова Функции и организационная структура государственного управления.....	191
Section II / Секция II. Modern economics: the problem of sustainable growth and development / Современная экономика: проблемы устойчивого роста и развития.....	196
2.1. С.А. Омурзаков, И. Кенжекулов Инвестиции в развитие малого и среднего бизнеса в Кыргызской Республике.....	196
2.2. Н.А. Алексеева Система управления запасами на птицефабриках.....	203

2.3. А.А. Аубакирова Геополитические аспекты возрождения Нового Шелкового пути для устойчивого развития Казахстана....	210
2.4. И.Н. Кренгауз Эволюция теорий международной интеграции.....	217
2.5. А. Искакова (A. Iskakova) Совершенствование механизма обеспечения конкурентоспособности предприятия.....	225
2.6. М.А. Уразгалиева, Н.К. Калаганова Банковская глобализация, как фактор развития национальной банковской системы.....	230
2.7. Г. Бегалиева (G. Begaliyeva) Основные проблемы управления персоналом в инновационной организации в Республике Казахстан.....	234
2.8. D. Gabitova, M. Toktybay The Free Floating of the Tenge: Crisis or Development of Kazakhstan's Economy.....	241
2.9. Ж.Т. Джалбирова, Т.Б. Дильман Особенности принятия решений организацией и модельная поддержка системы.....	247
2.10. Э.Е. Жусипова Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық механизмін қалыптастырудың теориялық негіздері.....	252
2.11. З.К. Жаныбаева Особенности бюджетного планирования в Республике Казахстан на современном этапе.....	258
2.12. С. Агайсина (S. Agaissina) Внедрение системы проектного менеджмента на предприятиях Казахстана, как один из важных путей перехода к инновационной экономике.....	265
2.13. Г.К. Ниеталина, Ж.М. Дюсембекова Қазақстанның құс шаруашылығы өнімдерінің нарығын талдау.....	273
2.14. Л.К. Баймагамбетова, Д.И. Разакова Тенденции развития аграрного рынка стран-участниц ЕАЭС.....	281
2.15. С.Р. Есімжанова, Э.А. Калияскарова Ет өңдеуші кәсіпорындардағы сапаны басқару.....	288
2.16. Б.М. Беккулиева, Н.А. Калганбаев Теоретические аспекты проведения маркетинговых исследований аграрного рынка.....	293
2.17. А.А. Истаева, Б.Ж. Нурахова Развитие сельскохозяйственного производства как основа продовольственной безопасности страны.....	300
2.18. Д.И. Разакова Факторы устойчивости развития отраслей растениеводства Казахстана в рамках ЕАЭС.....	307

2.19. Э.М. Адиетова, Р.С. Уталиева, Н.М. Ергалиев Проблемы совершенствования методов оценки бедности.....	315
Section III / Секция III. Machinery and technology at the present stage / Техника и технологии на современном этапе.....	321
3.1. Н.Н. Годына Перспективы выпуска автокомпонентов в Республике Казахстан.....	321
3.2. Ж.С. Авкурова, А.Б. Тлеубаева Ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдануда пән мұғалімдерін дайындау.....	326
3.3. М.Н. Сенников, Ж.Н. Молдамуратов Моделирование производственных процессов земснарядов.....	331
3.4. М.Н. Сенников, Е.О. Омаров, Г.Е. Омарова, Г.Е. Кожамкулова, Ж. Бекмурзаев Обоснование применимости ГИС-технологий на основе многофакторного прогнозирования...	338
3.5. Б.П. Мелдебеков, Т.Қ. Қойшиева Жел электрлік станциясының электрлік сұлбасы және іс-әрекет принципі.....	345
3.6. Б.П. Мелдебеков, Т.Қ. Қойшиева Баламалы энергия көздерінің пайдасы мен зияны.....	351
3.7. Н.Т. Сартаева «Технология» және «ақпараттық технология» ұғымдарының мәні.....	354
3.8. Н.Н. Алдамжаров, Г.К. Казбекова, Г.Ж. Жылкыбаева, А.Б. Калжанова Совершенствование технологий по увеличению дебита за счет заканчивания скважин с горизонтальными окончаниями при бурении месторождения Кенкияк.....	358
Section IV / Секция IV. Standardization, certification and quality management / Стандартизация, сертификация и управление качеством.....	367
4.1. О.Е. Комаров, К.И. Трубецкая Удовлетворенность студентов педагогической практикой как индикатор качества образовательных услуг педагогического вуза.....	367
4.2. Ж.А. Искакова, М. Чугаева Балық өнімдерін өндірудің технологиялық үрдістерін стандарттау.....	373
4.3. Б.У. Султанова, Ж.Ж. Есенкулова Сертификация систем менеджмента качества.....	384

4.4. М.А. Аязбекова, А.Б. Есенова, А.Б. Токтамысова, С.Е. Ибраимова, Р.У. Уажанова Качество национального йогурта из верблюжьего молока.....	389
Section V / Секция V. World of knowledge: current issues of improving the quality of education, pedagogy and andragogy / Мир знаний: актуальные вопросы совершенствования качества образования, педагогики и андрагогики.....	396
5.1. V. Eapen, L. Al-Gazali, S. Bin-Othman, M. Abou-Saleh Introducing Blended Learning: An Experience of Uncertainty for Students in the United Arab Emirates.....	396
5.2. Э. Уайдуллақызы Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.....	411
5.3. Е.Е. Сейдахметов, А.З. Ибраев Болашақ мұғалімдерді кәсіби іс-әрекетке даярлаудың ерекшеліктері.....	417
5.4. А.Т. Ахметбекова, Д.Б. Алибиев, А.К. Курманалина 12-жылдық білім бағдарламасына ақпараттық технологияны қолдану.....	422
5.5. А.Т. Капанова, А.С. Шаншарова, К.Т. Ескалина Инновационные образовательные технологии в профессиональном образовании.....	427
5.6. Б.А. Ахмедов Оқытушы мен студенттердің бірлескен ғылыми іс-әрекеті педагогикалық процестің қозғаушы күші ретіндегі қызметі.....	435
5.7. Z. Ainabayeva, Zh. Myrzhambetova, Zh. Sagitova Developing Writing Skills through Web 2.0 Tools.....	443
5.8. Б.К. Баетов, К.Д. Баетов Салауатты өмір салтын ұстанудың жолдарын насихаттау және қалыптастырудың педагогикалық тәрбиелік негіздер.....	448
5.9. Ш.Д. Иманғалиева, Р. Бекмурзаева Мектепте әлеуметтік педагогтың жұмысын ұйымдастыруда Әл-Фарабидің тәлім-тәрбиелік идеяларын пайдалану.....	452
5.10. А.О. Калыкова, Д. Кыдыржан Информатика пәнін оқытуда критикалық ойлау технологияларын пайдалану.....	459
5.11. А.Т. Туралбаева, С.М. Нарал Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің жүйесі.....	462
5.12. Р.Ө. Мәрсәлі Болашақ педагогтарды сындарлы оқыту арқылы даярлаудағы инновациялық менеджмент түйіткілдері.....	469

ағымдағы күйі. Мұның негізі онтогенездік дамудың әр түрлі кезеңдерінде басымдық көрсететін, базалық қажеттіліктерге негізделген жеке дамудың биологиялық бағдарламасынан құралады.

2. Дене денсаулығы-организм мен мүшелерінің өсуі мен дамуының деңгейі. Мұның негізі бейімделу реакцияларын қамтамасыз ететін морфологиялық және функциялық сақтамалардан құралады.

3. Жан денсаулығы-адамның психикалық өріс күйі.

Мұның негізі мінез-құлыққа бара-бар реакцияны қамтамасыз ететін жалпы рухани қолайлы күйден құралады.

Рухани тазалық-тіршілік әрекетінің уәжді және ақпаратты-мұқтаждық өрісі сипаттамасының кешені. Мұның негізі жеке тұлғаның қоғамдағы құндылық жүйесі мен мінез-құлық түрткілерімен және уәждерімен анықталады. Денсаулыққа адамның руханилылығы себепші болады, яғни ол адамзаттың байлығы-мейірімділік, намыс, абырой, махаббат, сүйіспеншілік және әдемілікке негізделеді.

Денсаулықтың негізгі өлшемдері мыналар:

- тән және дене күйі үшін-мен істей аламын;
- психикалық күй үшін-мен тілеймін;
- адамгершіліктік күйге-мен істеуге тиістімін.

Денсаулық белгілері мыналар:

- зақым келтіретін факторлар әрекетіне өзіне тән (иммунды) және өзіне тән емес тұрақтылық;
- өсу мен даму көрсеткіштері;
- организмнің функционалдық күйі және сақтамалық мүмкіндігі;
- қандай болса да аурудың немесе даму кемістігінің болу деңгейі;
- имандылық-еріктілік және құндылық-уәждік мақсат деңгейі[9].

Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты (СӨС) ұғымында толығырақ айтылады.

Осы заманғы ғылым мен әдістемеде *салауатты өмірсалты*-бұл адамның еңбек әрекетімен, тұрмысымен, материалдық және рухани мұқтаждықтарды қанағаттандыру түрімен, жеке тұлға және қоғамдық мінез-құлық ережелерімен сипатталатын тіршілік әрекетінің белгілі типі туралы түсініктерді көріктіретін биоәлеуметтік санат. Жеке тұлғаның өмір салты алуан түрлі, бірақ негізінен үш нышанға негізделеді:

- өмір сүру деңгейі;
- өмір сүру сапасы;
- өмір сүрудің өзіндік жолы.

Өмір сүру деңгейі - бұл адамның материалдық, рухани және мәдени мұқтаждықтарын қанағаттандыру деңгейін көрсететін әлеуметтік-экономикалық санат.

Өмір сүру сапасы-адам қажеттіліктерін қанағаттандыратын жайлылық дәрежесі. Бұл көбінесе әлеуметтік санатқа жатады.

Өмір сүрудің өзіндік жолы-адам тіршілігінің мінез-құлықтық ерекшеліктерін сипаттайтын әлеуметтік-психологиялық нышан.

Адам денсаулығы, ең алдымен, өмір сүрудің өзіндік жолына

тәуелді. Ол тарихи, ұлттық дәстүрлермен (діл) және жеке бас бейімділігімен (кейіпкер) анықталады.

Этнокомпонент салауатты өмір салтында балалардың ақыл-ойын, сезімін және әрекетін қалыптастыруда маңызды роль атқарады. Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты (СӨС) ұғымында барынша толық айтылады, СӨС-тың негізі салауаттану ғылымы болып табылады. Салауатты өмір салты адамның денсаулығы үшін қолайлы жағдайларда кәсіптік, қоғамдық және тұрмыстық қызметтерін орындауға себепші болатындардың барлығын бірлестіреді. СӨС жеке тұлғаның және қоғамдық денсаулықтың қалыптасуы, сақталуы және нығаюындағы жеке тұлғаның іс-әрекеттеріне бағыт береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Г. Икіманова. Саулық пен сымбат - Алматы: Қайнар, 1991.
2. Б. Төтенаев. Дене тәрбиесі - Алматы: Мектеп, 1988.
3. Төтенайдың Базарбегі. Спорт атауларының орысша-қазақша сөздігі. - Алматы: Ана тілі, 1994.

5.9. МЕКТЕПТЕ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ИДЕЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Ш.Д. Иманғалиева, Р. Бекмурзаева

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
(Қызылорда қ., Қазақстан)

Қоғамдағы әлеуметтік-мәдени жағдай әр тұлғаның қазіргі таңдағы қоғамның сұранысына және өзінің қажеттілігіне, қызығушылығына, мүмкіншілігіне сәйкес білім мен тәрбие алуын қажет етеді.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңы білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық құндылықтармен, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен дамуына бағытталған білім беру үшін қажетті алғы шарттарды жасау [1].

Басқарудың әлеуметтік құрылымын жетілдіру, білім беру жүйесін реформалау, құқықтық демократиялық мемлекеттің нормативтік-заңдылық негізін бекіте түсу азаматтық қоғамның қалыптасуының нақты алғы шарттарын жасайды, өйткені макросоциумның дамуына әлеуметтік мәдени құндылықтардың әсері зор болып табылады. Республикадағы жалпы әлеуметтік жағдай, оның ішіндегі тәрбие мәселесі бойынша рухани-адамгершілік құндылықтарды, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін, ұлттық дәстүр, құндылықтар, мәдени мұраны дамытудың жалпы мемлекеттік деңгейі негізінде жалпы ұлттық

шаралар мен әрекет түрлерін жүзеге асыру қажет. «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамасында 2020 жылғы қазақстандық жастарды патриот, білімді, дені сау, жауапкершілікті және жігерлі, инновациялық экономика жағдайында табысты жұмыс жасайтын, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген, қазақ халқының құндылықтары мен мәдениетін бойына сіңірген, толерантты, әлемде танымал және құрметті тұлға ретінде көреміз деп айқындалған [2].

Бүгінгі күн талаптарына сәйкес жалпы білім беретін мектептердің барлық түрлерінде білім беру мен тәрбиенің мақсаты, міндеті, мазмұны оқу-тәрбие үдерісін оңтайлы ұйымдастыру, гуманитарландыру бағытына негізделуі қажет. Жеткіншектер мен жастарды әлемдік және отандық мәдениеттің ортақ мәселелерін бағдарлауға, жалпы адамзаттық құндылықтарды игеруге, демократиялық және жаңа әлеуметтік-мәдени ортада өмір сүрудің жаңа ережелерін үйренуге, ұлттық сана-сезімді дамытуға үйрету қажет. Осы бағыттағы мәселелерді шешуде Әбу Насыр Әл-Фарабидің шығармаларын жан-жақты зерделеудің маңызы зор болып табылады.

Әл-Фараби жайлы алдағы уақытта да тың зерттеулер жүргізіліп, бұл саладағы ғылым жүйесіне көп жаңалықтар қосылады деп сенеміз және оның әлеуметтік-педагогикалық идеяларын зерттеу өзгермелі уақытта көкейтесті деп есептейміз.

Әл-Фараби – философ, атақты музыка маманы, көрнекті математик, талантты физик, белгілі әдебиетші, медицина өнерінің білгірі ретінде дүние жүзінде әйгілі болған адам. Әл-Фарабидің әлеуметтік-қоғамдық және этикалық көзқарастары оның «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Азаматтық саясат», «Бақыт жолын сілтеу», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жайында», «Риторика» атты еңбектерінде баяндалған. Әл-Фарабидің әлеуметтік-педагогикалық көзқарастарын сөз еткенде, бұл мәселені оның философиялық және этикалық ілімдерінің құрамды бөлігі ретінде қарау қажет. Әл-Фарабидің әлеуметтік-педагогикалық ой-пікірлері өзінің этикасы мен философиясына сүйенеді.

Әл-Фарабидің әлеуметтік-педагогикалық жүйесінің іргетасы-оның адам туралы ілімі, оны ізгілік қасиетке баулу мәселесі. Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақыт жолын сілтеу», «Бақытқа жету жайында» атты трактаттарында адам және оның қоршаған ортаға қатынасы талданады. Әл-Фараби тәрбие мен білім берудің мұраты – ғылыми-білімдерді шәкірттердің меңгеруі және олардың адамгершілік, эстетикалық жағынан жетіліп, парасатты, жан-жақты дамыған адам болып тәрбиеленуі.

Әл-Фараби парасатты, жетілген адамды тәрбиелеу үшін «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», деп ескертті [3].

Әл-Фарабидің адамгершілік тұжырымдамасының негізі-адам өзі қабылдаған білім жәрдемімен бақытқа жету және қоршаған ортада жан-жақты жетілуі. «Бақыт жолын сілтеу», «Бақытқа жету жайында» атты трактаттарында бақыт деген не және оған қалай жетуге болатынын былай түсіндіреді: «Мінезділік-бақытты болудың басты шарттарының бірі. Кейбір адамдар қолдағы бақытынан оп-оңай айырылады, тіпті бақытсыздыққа да ұшырап жатады, мұндай қиын күйге түсіретін оның мінезі», - деді [4].

Әл-Фараби барлық жағынан жетілген адамды тәрбиелеудің мақсаты «адамды өз мінезіндегі теріс қылықтарды жеңуге үйрету және оң әдеттерді қалыптастыруға қабілетті ету, ол үшін адамға жас кезінен мектепте этикалық тәрбие беру арқылы жетуге болады», - деді. Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактатында тәрбие, әлеуметтік тәрбие туралы анықтамалар беріп, бұл идеялары төменде көрсетілген әлеуметтік тәрбие анықтамасымен байланысын көруімізге болады. Мысалы [5]:

«Тәрбиелеу дегеніміз халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту деген сөз»;

«Тәрбиелеу кезінде халықтар мен қала тұрғындарына білімге негізделген қасиеттерден тұратын іс-әрекеттер дағдысы сіңіріледі»;

«Этикалық ізгіліктерді – білім, тәрбие арқылы дарыту қажет, сол арқылы адам игілікті істерге талпынады». Фарабидің философиялық еңбектерінде ең негізгі орындардың бірін қоғамдық өмір туралы ілімі алады.

Қазіргі таңда әлеуметтік-педагогикалық көмекке қолдау көрсету, түзету, оңалтуға байланысты іс-әрекет кәсіби білім, іскерлікті игеру ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік педагогтың кәсіби-тұлғалық дамуы, өз міндеттерін құзырлылықпен және жауапкершілікпен орындау мүмкіншілігі болып табылады. Фараби тәрбие жүйесіндегі әсіресе, жастарды тәрбиелеуде бірінші орынға адамгершілік тәрбиесін қойды, және де оған қоса тәрбиенің басқа түрлерінде еңбек, дене тәрбиесі, эстетикалық, гуманитарлық, патриоттық тәрбиені қойды. Әл-Фарабиде өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» деген еңбегінде мемлекет пен жеке адамды жан - жақты жетілдіру жолы ретінде ол «кемел адам» немесе «камали – нисан» идеясын ұсынады [6]. Онда «адамзат қоғамы» әл-Фарабидің ілімі бойынша, адам жаратылысында қоғамдық топтардың бірі ретінде өмір сүреді. Өйткені, өзінің қажеттерін қанағаттандыру үшін басқалардың көмегіне сүйенуге тура келеді. Сонымен адамның өмір сүру жөніндегі қажетсінулері ұжымдық және басқа адамдармен қарым – қатынас жасау арқылы қоғамдық қатынасқа түседі. Осылайша өркениеттік даму үлгісінде қоғамның жан-жақты дамуы үшін әл-Фараби ізгі қала үлгісін ұсынды.

Әл-Фараби адамды тәрбиелеудің екі түрлі әдісін көрсетті [7]:

Біріншісі-сезімге ісер ететін нақыл сөздер әдісі. Бұл әдіс арқылы

адамдарды өз еркімен игілікті істер жасауға жігерлендіруге болады.

Екіншісі - өз еркімен, өз қалауымен жөнге келмейтін адмдарға қолданылатын - күштеу әдісі. Ол әлеуметтік-педагогикалық коррекциялау әдісін ұтымды қолдану мәселесін де көтерген деп айта аламыз. Мұғалім әлеуметтік педагогикалық жұмысты ұйымдастырушы ретінде әлеуметтік-педагогикалық технология негізінде келесі қызметтерді атқарады.

- әлеуметтік жұмыс әдістемелерін іздеу, зерттеу, сипаттау, бағалау;

- жаңа әдістемелерді құрастыру;

- әлеуметтік жұмыстың нақты міндеттерін шешуге байланысты әдістемелерді жинақтау, жүйелеу.

Тұлғаның әлеуметтік-педагогикалық өзара әрекетіне ену үдерісі, күрделі деңгейлік үдеріс, мақсатты тұлғалық жетілуді нәтижелі қамтамасыз ететін тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру болып келеді. Әл-Фараби «Нағыз тәрбиеші ұстаздың бойында он екі тума табиғи қасиет және алты жүре дарыған қасиетті меңгерген дана адам болуы болуы керек», дей келіп, төмендегідей сипаттама беріп және олар әлеуметтік педагогтың нәтижелі жұмыс істеуіне ықпалы мол деп айта аламыз, мысалы:

- мүлде мінсіз, өнер-білімге құштар, жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінетін, өзі естіген, көрген, түсінген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында сақтайтын, алғыр да аңғарымпаз, өткір сөз иесі және ойына түйгеннің бәрін анық бере алатын, тағамға, ішімдік ішуге, сыр-сұхбат құруға қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жаратылысынан игі істерге ынтызар, әділеттілік пен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен озбырлықты жек көретін, жақындарына да, жат адамдарға да әділ, пасықтық атаулыға мүлдем рақымсыз, қорқыныш пен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек, он екі тума табиғи қасиет және алты жүре дарыған қасиетті меңгерген адам ғана жақсы ұстаз бола алады деп есептеді.

Мәңгілік ел тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін жүзеге асыруда күтілетін нәтижелерде ғұлама идеяларымен сабақтасып жатқандығын айта кетуіміз қажет, олар [2, 6]:

- Қазақстанда тұлға мінез-құлқының дұрыс мотивациялы-құндылықты аясын, оқушы жастарда қазақстандық патриотизмді, азаматтық сананы, толеранттылықты және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастырудың өсіп отырған деңгейін, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардағы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметті, рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда отбасы институтының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді, өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі тәрбиелеуге жан-жақты саналы түрде қатысуды, табысты әлеуметтенуді, өз бетінше білім алуды және өзін жүзеге асыруды

қамтамасыз етуі тиіс.

Сонымен, Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы білімді, адамгершілікті, жігерлі, көшбасшылық қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Мәңгілік Ел» — Қазақстан-2050 Стратегиясының басты мақсатына қол жеткізуге белсенді қатысатын адамды қалыптастыруға бағытталған. Мәселен, Әл-Фараби «барлық халық бейбіт өмір сүрсе, жер беті бақытқа толады» деп адамгершіліктің, кемеңгерліктің ең биік сатысы- бейбіт өмір сүру, яғни адамдар арасындағы өзара түсіністік, өзара келісім, өзара сыйластықтың аса маңызды екендігін айтады.

Ұлы ақын Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым» деген өлең жолдары ізгілік, сүйіспеншілік, бауырмалдыққа дәріптесе, «Білімінді, қазақ, бірің дос көрмесең, істің бәрі бос» деген сөздері достыққа, бірлікке, ынтымақ пен татулыққа шақырады. Гуманизм мәселесін зерттеуші ғалымдардың қайсыбірі болмасын ізгі адам өзінің бойында қалыптасқан гумандық қасиеттері арқылы ерекшеленеді деп тұжырым жасайды. Сонымен зерттеу проблемасы саласында жарық көрген еңбектерге соның ішінде, педагогика мен психология ғылымдарында гумандық қасиеттер ұғымына берілген мазмұнды сипаттамалар, ақыл-білімге тән қасиеттерге (саналылық, терең ойлылық, зеректік, жоғары идеялық, жоғары талап қоюшылық және т.б.), ыстық қайрат іс - әрекетке тән қасиеттерді (көпшілік, еңбекқорлық, белсенділік, жауапкершілік және т.б.) анықтайды [8].

Осы жоғарыдағы ойларды жүзеге асыру үшін және оқушыларға игерту үшін төмендегідей жұмыстар жүргізіледі.

- Сыныпта Әл-Фарабидің шығармашылығына байланысты тәрбиелік іс- шаралар өткізу, оқушыларды тәлім- тәрбиелік нысандарға топсаяхаттарға апару, сыныпта «Фараби- ғұлама» атты қабырға газетін шығару, «Фараби трактаттары» атты кітап көрмесін ұйымдастыру.
- Үйірмелер: «Шешендік сөз үйірмесі» (от ауызды, оралу тілді бабаларымыздан, жыраулардан қалған тәрбиелік нақыл сөздер, қанатты сөздерді оқып-үйреніп, олармен қатар мақал-мәтелдерді де ауызекі тілімізде қолдана білу).

Домбыра үйірмесі (балалар әр түрлі қағыстарды, домбыраға қосылып ән айту шеберлігін меңгереді). Жыр- терме- толғаулар үйірмесі (Жыр, терме, толғау үйрену). Ұжымдық шығармашылық істер: ұжымдық шығармашылық істер балалардың бойында ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға жағдай туғызатындығымен маңызды.

«Фарабиге арналған күн» атты акцияның жоспарын ұсынамыз:

Дайындық кезеңі

1. Шығармашылық топты құру

Біз акцияны өткізуге мектептің барлық оқушыларын қатыстырамыз. Міндетті түрде мектептің өзін-өзі басқару комитетінің мүшелері, сонымен қатар ерекше назарға алынған балалар болуы қажет. Волонтер – балалар төс белгілері, бейждері, майкілері, кепкілері, ашық түсті галстуктерімен ерекшеленуі керек.

2. Акцияны әзірлеу

Әр акцияның ұраны болуы қажет. Мысалы: «Адамның ақыл-парасаты, мәдениеті мінез-құлқынан!» Аса қиындықты талап етпейтін техникалар мен көп қаржыны талап етпейтін материалдарды пайдаланамыз. Акцияны жүргізу жоспарын дайындаймыз.

3. Әр түрлі өмірлік жағдаяттарға позитивті қатынасты және ақыл-парасатпен шешу туралы презентация әзірлейміз. Жеткіншектерге Әл-Фарабидің бақытқа жету идеялары бойынша тақырыптық мультимедиялық роликтерді дайындауды ұсынып, коррекциялау тәсілі ретінде де пайдалануға болады. Екінші нұсқасы — «Кемелденуге талпынам!» тақырыбында оқушылар арасында үздік презентациялар сайысын ұйымдастыруға болады. Акция күні мектепте көрсетіледі.

4. «Объективтегі позитив»

Акцияға дейін 1-апта бұрын фотомарафон басталды, оған мектептің мұғалімдері, оқушылары, ата-аналар қатыса алады. Автордың ұйғарымы бойынша позитивті эмоция мен мінез-құлық тудыратын нәрсенің барлығы суретке түсіріледі. Фотографиялар электронды түрде жарнамалануы қажет.

Келесі нұсқасы-фотокөрмені әзірлеу. Фотографияларды ұйымдастырушылар алдын-ала қарап шығып, тақырыпқа сәйкес келетінін іріктей бастайды.

5. Акцияның жарнамасы. Мектепте алдын ала іс-шара бағдарламасы жазылған жарнама парақшалары ілінеді. Бұл ақпарат мектеп сайтында жарияланады.

6. Мектепті безендіру. Мерекелік көңіл-күй тудыру үшін шарлар мен суреттер, Фарабидің нақыл сөздері жазылуы қажет.

1. Негізгі кезең

Радиоэфир Акция күні үзілісте күй ойнап тұруы керек, мектеп жаңалықтары, бағдарламалар, құттықтаулар айтылуы қажет.

2. «Пікіріңмен бөлісе біл». Үзілісте балаларды «Ойлы фотограф» суретке түсіріп мектептің ақпараттық панелінде жариялайды. Суретке түсушілерге қойылатын басты талап-ой ойымен бөлісу.

3. «Позитивті оракул» Бұл жұмыстың формасын мұғалімдерге, ата-аналарға, оқушыларға да қолдануға болады. Алдын ала өмірлік мәні бар пікірлер, ойлар жазылады да сосын жазылған қағаздар бүктеліп арнайы ыдысқа салынады, қатысушыларға өздері үшін маңызды сұрақты қойып, оның жауабын ыдыстың ішінен таңдап алуды өтінеміз. Ыдыстың ішіне Фарабидің нақыл сөздерін жазамыз.

4. «Әрқайсымызда күн сәулесі жасырынған!» алаңы.

Волонтерлер бояумен немесе гриммен барлық қатысушылардың бетіне смайлик немесе күнді бейнелейді. Суретшілер көңіл-күйдің көтеріңкі болуы ауа-райына ғана емес адамдардың күлкісіне де байланысты болып келеді деген қорытындыға келеді. Әр адам күн сәулесіндей айналасына жылу шаша алады.

5. «Өмірімізді түрлі-түсті етейік». Фойедегі еденге газеттерді төсейміз, акцияға қатысушылар осы жолды түрлі-түстерге бояп, жағымды эмоцияларды, көтеріңкі көңіл-күйді беруі қажет. Алдын ала бояулар, гуаштар, борлар дайын болуы қажет.

6. «Жылы сөздер коллекциясы». Бірнеше ватман алып, оларды қабырғаға іліп қоямыз. Акцияға қатысушыларға қиындықта жігер беретін, көңілге жылылық ұялататын сөздерді жазуды сұраймыз. Фарабидің идеялары қолданылады.

7. Флэшмоб «Өмірде қайратты бол». Волонтерлер мектепті аралап қатысушыларды құттықтап және ән-жырларды тыңдау жүзеге асырылады.

Қорытынды кезең «Бүгінгі күн мен үшін...» деген сөйлемді аяқтап өз ойларын қалдыруы қажет. «Нақыл сөздер коллекциясы» жинақталып презентациялар әзірленеді. Волонтерлермен бірлесе талқылау жүргізіліп, алға жоспарлар әзірленеді. Жоғарыда көрсетілген іс-шаралардың ұйымдастырылуы балалардың білімнің кеңейгендігін, көзқарасында өзгерістердің туындағанын көреміз. Қорытынды бақылау кезінде әңгімелесу барысында оқушылардың білімі мен ұлттық өнер мен мәдениетке қатынасы айқындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Закон РК "Об образовании" //Казахстанская правда, 11 июня, 1999.
2. «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, 3 қыркүйек 2014.
3. Әл-Фараби. Әлеуметтік трактаттар. Алматы. 1975 ж.
4. Аль Фараби Социально-этические трактаты. Алма-Ата, 1987.
5. Фараби Абу Наср Мухаммед Историко-философские трактаты. Алма-Ата, 1985.
6. Қ. Жарықбаев., С. Қалиев «Қазақтың тәлімдік ой – пікірлер Антологиясы.» 1 том, Алматы.
7. «Әбу Насыр Әл-Фарабидің тәрбие және еңбек тәрбиесінің теориясын жасауы» // Ұлағат. – 1997. - № 3.
8. Машанов А. «Әл-Фараби және Абай». Алматы – 1994.

5.10. ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА КРИТИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ

А.О. Калыкова, Д. Кыдыржан.

Алматы технологиялық университеті
(Алматы қ, Қазақстан)

XXI ғасыр - жаһандану ғасыры. Ол өзімен бірге қаншама жаңа технологияларды, әдіс-тәсілдерді ала келді. Соның ішінде кең тарағаны – RWST бағдарламасы. Ағылшын тілінен аударғанда **«Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу»** дегенді білдіреді. Бұл бағдарлама 60 түрлі стратегиялардан – әдістерден тұрады. Мақсаты – шығармашылық ойлауды, сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Мұғалімнің міндеті - баланың шығармашылық қабілетін дамыту, өзін тұлға ретінде сезінетіндей мүмкіндік ашу. Сонымен қатар, критикалық ойлау әдісі мұғалім қызметін ұйымдастыра отырып, оқушылардың жеке, топпен жұмыс жасау негізінде білім алуымен ұштасады. Бұл стратегия оқушының жекелеген мүмкіндіктерін ашуға бағытталған. Бұл әдістің ерекшелігі оқу әдісінде қолданылады. Оқушылардың ауызша, жазбаша тілін, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытады. [1].

Критикалық ойлау – бұл білім беру технологиясы. Оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыру барысында оң нәтижеге жетудің инновациялық әдістерінің бірі осы критикалық ойлау технологиясы болып табылады.

«Критикалық ойлау» - бұл американдық көптеген ғалымдардың алдыңғы қатарлы идеялары негізінде құрылған жоба, оның тұтас құрылымы болғандықтан технологияға деген негіз бар. Критикалық ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де критикалық тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Критикалық ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады. Бұл технологияның басты міндеті – оқушылардың тек сабақта ғана емес, сондай-ақ күнделікті өмірде (дұрыс шешім қабылдай білу, ақпаратпен жұмыс істей алу, түрлі жағдайларды талдау және т.б.) ойлау қабілетін дамыту. [2]

Критикалық ойлау – Қазақстандағы оқыту мен оқуды дамытудағы қазіргі заманғы өзекті жетекші педагогикалық түсінік. Қазіргі таңда оқушыларды жан-жақты және уақытылы дамыту білім берудің басты мақсаты болып отыр, яғни оқушылар бақылау, тәжірибе, ойлау немесе дәлелдеу нәтижесінде алынған ақпаратты түсініп, бағалап, анализ жасап және синтездей алуы қажет. Бұл мақсатқа критикалық ойлау технологияларын жүйелі пайдалана отырып жетуге болады.

XXI ғасырда компьютерлік техниканы заманауи қоғамның барлық саласында қолдану барысында ақпараттық технология құралдарын оқыту тәжірибесіне енгізу, оқыту технологиясын қолдану сұрақтары басты назарды аудартады. Мектеп табалдырығын аттай отырып, қазіргі заманғы жоғарғы сынып оқушысы XXI ғасыр адамына қажетті қабілеттерді игеруі керек, соның ішінде критикалық ойлау қабілеті.

Критикалық ойлау технологиясын зерттеген С.И. Заир-Бек, И.О. Загашев, А.В. Бутенко, А.И. Липкина, М.В. Кларин, И.В. Муштавинская, В.М. Синельников сияқты көптеген ғалымдар критикалық ойлаудың маңыздылығына байланысты оның дамуы барлық оқу пәндерінде сабақта және де сабақтан тыс уақыттарда қолданылғаны дұрыс деп есептейді. [3]

Оқушылардың критикалық ойлау қабілетін құрастыру мәселелерінің көбісі оқыту пәні болып табылғанына қарамастан, жоғарғы сынып оқушыларының критикалық ойлау қабілетін ақпараттық технологияларды қолдана отырып құрастыру мәселесі түбегейлі өңделмеген және әрі қарай зерттеуді талап етеді. Сондықтан, жоғарғы сынып оқушыларының критикалық ойлау қабілетін ақпараттық технологияларды қолдана отырып құрастыру мәселесі осы мақаланың басты өзегі болып табылады.

Жалпы, критикалық ойлау технологиясы келесі мүмкіндіктерге жол ашады:

- Сабақта өзіндік жұмысты ұйымдастыру;
- Әр оқушыны оқу процесіне еліктіру;
- Оқушылардың интеллектуалды шығармашылық іс-шараларға жағымды көзқарастарын дамыту;
- Оқушылардың өзіндік ұйымдастыру қабілетінің деңгейін көтеру;
- Ойлау қызметін ынталандыру және танымдық белсенділікті дамыту;
- Оқушыларға жеке қатысты білік пен дағдылардың құзырлығын дамыту.

Критикалық ойлау технологиясын дамыту бұл кез келген бағдарламаға және кез келген пәнге қолданылатын, білім беру мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру технологиясы. Сол сияқты информатика пәнін оқытуда критикалық ойлауды дамытудың әр түрлі әдістері мен стратегияларын қолдануға болады.

Критикалық ойлау технологиясын информатика пәнін оқытуда қолданудың негізгі үш деңгейі бар: шақыру, түсінік және рефлексия.

- ✓ Шақыру деңгейінде оқушылар жеке, жұптық және топтық жұмыстар, миға шабуыл, проблемалық сұрақтар, т.б. әдістерді қолдана отырып, өз білімдерін бүкіл сыныпқа өз сөздерімен айтып жеткізуді үйренеді. Сол арқылы, бастапқыда алынған білім түсіну деңгейіне өтеді. Бұл оқушыларға жаңа ақпаратты бастапқы ақпаратпен нәтижелі түрде байланыстырып, жаңа

ақпаратты критикалық түрде түсінуге мүмкіндік береді.

- ✓ Түсінік деңгейінде оқушы кітап оқи отырып, дәріс тыңдай отырып жаңа ақпаратпен немесе идеялармен байланысқа түскен кезінде түсінбеген жерлерін келешекте анықтау үшін сұрақ ретінде жазып алып, өзінің түсінігін бақылауға үйренеді. Әр оқушы сөздің мағынасын қалай түсінгені, ол үшін оған не көмектескені туралы, немесе керісінше не кедергі болғаны туралы айтып түсіндіреді. Мұндай өздік жұмысқа оқушыларды міндетті түрде үйрету керек. Келесі жұмыстар мен білімді бекіту түрлі әдістер арқылы жүзеге асады.
- ✓ Рефлексия деңгейінде оқушылар жаңа алған білімдерін бекіте отырып, онымен байланыстары туралы ойланады; ол білімдеріне жаңа түсініктерді қосуды белсенді түрде талқылауды үйренеді. Оқушылар арасындағы идея алмасу оларға әр түрлі пікірлермен танысуға, жанындағы жолдасын мұқият тыңдауға және өз пікірін дәлелдер келтіру арқылы жеткізе білуге үйретеді. [4]

Информатика пәнін оқытуда критикалық технологияларын пайдаланудың спецификасы келесілерден тұрады: біріншіден, оқу процесі ғылыми-негізделген заңдылықтардың даралығы мен ақпараттың бірігуінен тұрады; екіншіден, критикалық ойлау жаттанды қағидаларды дәлелдеп айта беру емес, оқушы оқып, оны еске сақтап айту қабілеті жоқ, керісінше терең ойлау арқылы ескіге жаңаша көзқарас қалыптастыруы мүмкін, тың идеялар ойлап табуы мүмкін; үшіншіден, бұл технологияның стратегиясы бүкіл оқыту процесін бірігіп жобалау мен ойлау негізінде өткізуге мүмкіндік береді. [3]

Әр бала жас кезінен еркін ойлауға, алдына қойған істі жоспарлап, оны соңына дейін жеткізуге, кедергілерге қарсы тұруға бейімделгені жөн. Сондықтан да әр сабақта оқушылардың кез келген мәселеге критикалық көзқарасын осы деңгейлер арқылы қалыптастырып, оларды ашық, еркін сөйлеуге баулу – әр ұстаздың міндеті болып табылады.

Ақпараттандарылған қоғамның қалыптасуы бізге жаңа талаптар қоюда. Ол үшін жаңа ақпараттық технологияларды меңгеру керек. Информатика пәні өмірдің өзгеріп жатқан шарттарына бейімделуге қажетті барлық белгілердің қалыптасуына әсер етеді. Информатика дәстүрлі (кітап) оқыту мен электрондық (компьютер) оқыту мұғалімге оқушылардың өз бетімен жұмыс жасап, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыруға мүмкіндік беретін пән болып табылады. Ойлауды, шығармашылық қабілеттерді дамыту әлемді жан-жақты танып-білуге жол ашады. Сондықтан, информатика пәнін оқытуда критикалық ойлау технологиясын пайдалану білім берудің ажырамас бөлігі болып табылады. [5]

Жалпы, қай пән үшін болмасын оқушыны критикалық тұрғыдан ойлауға үйрету өте маңызды. Дегенмен, информатика сабақтарында

оқушыларды критикалық тұрғыдан ойлауға үйретуде ең бірінші мынадай мақсатты алдыға қойған жөн: ақпараттың керекті тұсын алып, оны талқылап, өзіндік тұжырым жасай білетін, өз жұмысына, өзгенің жұмысына сыни көзбен қарайтын және сол жұмысқа әділ баға беретін тұлға қалыптастыру.

Сократ: «Біреуді бір нәрсеге иландырғың келсе, құр сөзбен уағыздама, одан да бірге әрекеттен. Дені сау бала өзінің өмір сүрген уақытындағы табиғат заңы, саясат заңы білімін онсыз да біледі. Енді оны ғылымға түсірту – мұғалімнің жұмысы» - деп ұстаздың бақылаушылық рөлін белгілеп береді.

Қазіргі таңда көптеген мұғалімдер критикалық ойлау технологиясының стратегияларының кейбір тиімді әдіс-тәсілдерін информатика сабағында қолдануда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <http://sabaq.kz>
2. <http://www.ped.kz>
3. <http://www.moluch.ru/archive/64/10373>
4. Ташенова А. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту // Білім - Образование - 2006.
5. <http://pedakademy.ru>

5.11. ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕП ҮНТЫМАҚТАСТЫҒЫ ЖАҒДАЙЫНДА ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЖҮЙЕСІ

А.Т. Туралбаева, С.М. Нарал

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
(Алматы қ., Қазақстан)

Дарынды балалар қазақ қоғамына зияткерлі адам қорын көбейтуді қайта өңдеу қажеттілігінің орнын толтыруға мүмкіндік береді. Дарынды балалар – көмек беруді және қорғауды қажет етуші ұлттық байлық. Сол себепті Қазақстанның заманауи білім беру жүйесінің басты міндеті - адамның шығармашылық әлеуетін сақтау, оны демеу және дамыту болып табылады.

Еліміздегі дарындылықты дамыту жайлы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 3-бап, 6-тармағында «Жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту», - деп көрсетіледі [1].

Бірқатар ғалымдардың еңбектерінде (Н.Д. Хмель, А.Қ. Рысбаева, Ш.Т. Тұрдалиева т.б.) педагогикалық қызметтің теориясы мен тәжірибесін зерттеулер мен талдаулар, оны педагогикалық үрдіс түріндегі біртұтас жүйе ретінде қарастыру қажеттігі жөнінде қорытынды жасалған. Педагогикалық үрдіс - оқытушы-оқушы, оқушы-оқушы,

Regional Academy of Management
European Scientific Foundation Institute of Innovation
Regional Center for European Integration
National Institute of Economic Research
East European Institute
University of Economics and Entrepreneurship
Taraz Innovation and Humanities University

MATERIALS
of the III International scientific-practical conference
"INNOVATION MANAGEMENT AND TECHNOLOGY
IN THE ERA OF GLOBALIZATION"
12-14 January 2016,
(Sharjah, United Arab Emirates)

All materials are published in author's edition.

The authors are responsible for the content of articles and for possible spelling and punctuation errors.

Все материалы опубликованы в авторской редакции.

Ответственность за содержание статей и за возможные орфографические и пунктуационные ошибки несут авторы.

Sharjah: Regional Academy of Management, 2016